

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Ортаңғы топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы					
Балалардың жасы	3-4 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	19.09-23.09.2022ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата-аналармен	Педагогтің ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беруі; мектепке дейінгі мекеменің тәртіп				

әңгімелесу, кеңес беру	ережелері жайлы ақпарат беру; балалардың мәдени-гигиеналық ережелерімен таныстыру; балаларға жағымды орта туғызу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Кезекшінің міндеттерін өз бетінше және адал түрде орындауға; қолды мұқият жууға, кезекшінің киімін киіп, дастарханды дұрыс жаюға, тамақ ішкеннен кейін ыдыстарды жинау, үстелдерді тазалау, еденді сыпыруға үйрету, үлгі көрсету.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Оқу қызметіне керек құрал-жабдықтарды ретімен қоюға, оқу қызметінің соңында құрал-жабдықтарды орнына жинауға үйрету.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды жұмысқа кірісер алдында жұмыс алжапқыштарын киюге, ойыншықтарды ретімен ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қоюға үйрету.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды жеке шкафта тәртіпті сақтауға үйрету: киім мен аяқ киімнің шкафын босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту, киімді орнына жинап қою іскерліктерін дамыту.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларға қуыршақтың киімдері мен төсек жабдықтарын жуу кезінде педагогке көмектесуге үйрету.
	"Үйдегі жиһаздар" дидактикалық ойыны. Мақсаты: үй ішіне қажетті жиһаздардың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс айтуға үйрету; бөлменің ішіндегі жиһаздар туралы айта білуді жаттықтыру;	"Менің үйім" үстел үсті ойыны. Мақсаты: бөлшектерден үй жасауды үйрету, оның неден тұратындығын айту.	"Айырмашылығын тап" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету; ақыл-ойларын дамыту;	"Менің туған қалам" тақырыбында сюжетті суреттерді қарау. Мақсаты. Тақырыпқа байланысты сұрақтар қою. Балалардан сұраққа толық жауап беруді талап ету.	"Кім не жейді?" үстел үсті ойыны. Мақсаты: жануарлардың атаулары және олар не жейтіні туралы балалардың білімдерін нақтылау, бақылау мен зейінді дамыту.

	жиһаздарды күтуге тәрбиелеу.		шыдамдылыққа, досының жауабын тыңдай білуге дағдыландыру.		
Таңертенгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға шақ текшелермен) 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде 1.1. Балалар қолдарын алға созып, алақандарын ашып, текшелерін көрсетіп: "міне" дейді. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, текше ұстаған қол көкірек тұсында 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "міне", "міне" дейді. 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене бос, қол төменде 3.1. Жерге отырып, қолдарын алға созып "міне" дейді. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, текше ұстаған қол көкірек тұсында 4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарды көкірек тұсында ұстап, алақанды жұму. 4.2. Бастапқы қалып алақан ашып "міне" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады).				
Таңғы ас	"Ас - атасы нан" мақалын айта отырып, нанның қасиеттілігін айту. Балаларды нанды қадірлеп, қоқымдарын жерге шашпай, тамақты төкпей, ұқыпты ішу керектігін еске түсіру; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Кім көп атайды?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: қаланың есте қаларлық	"Өз үйінді тап" дидактикалық ойыны. Мақсаты: өз қаласы туралы, ондағы үйдің	"Қаладағы жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны. Мақсаты:	"Суретті құрастыр" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың туған	Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне

	жерлеріне мағынасы жағынан сәйкес сөздерді таңдау қабілетін дамыту. Барысы: Нұр-Сұлтан- мемлекетіміздің астанасы, әдемі, үлкен қала.	орны, әртүрлі ғимараттар туралы білімді қалыптастыру; балалардың зейінділігін, байқағыштығын, бірнеше адамның арасынан өз үйін таба білу қабілетін дамыту; балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, сөйлеу қабілеті; балалардың туған жеріне деген қызығушылығын арттыру. Барысы: балаларға бірнеше ғимараттан тұратын суреттер ұсынылады, олар өз үйлерін тауып, жауап іздеуі керек.	балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту; жыл мезгілдері туралы сипаттамалық әңгімелер құрастыру кезінде толық сөйлемдермен сөйлеуін дамыту; бақылау, көрнекі зейін, есте сақтау қабілетін дамыту; туған қаланың табиғатына деген қызығушылықты тәрбиелеу. Барысы: лото түріндегі ойын, бала белгілі бір маусымға қатысты суретті алады және сол жыл мезгілін сипаттап береді. Суреттерді таңдау кезінде педагог маусым туралы әңгіме құрастыруды ұсына отырып, тапсырманы	жер туралы білімдерін бекіту, Отанына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Барысы: педагог балалармен бірге қаланың көрікті жерлерін бейнелейтін суреттерді қарайды. Ойын ережелерін түсіндіре отырып, педагог бүкіл суретті бөлек бөліктерден қалай құрастыруға болатыны туралы бұрыннан белгілі ережені еске түсіреді. Ойыншылардың санына сәйкес суреттерді таратып, педагог: "Бастаймыз!" сөзімен балаларды ойынға дайындайды. Балалар бөліктерден сурет құрастырады. Кім суретті бірінші	мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Күн шуағын жинаймын. Достарыма сыйлаймын. Күн жылуын аямасын, Шуағымен аяласын. Достық деген бәйтеректі Барлық бала саяласын.
--	--	---	--	--	--

			қиындата алады.	кұрайды, сол балаларға таңбалауыштар таратылады.	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Тақтайдың үстімен бірге жүрейік" Мақсаты. Балаларды музыка әуенімен бірінің артынан бірі шеңбер жасап жүру, педагогтің белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен жүру және жай қалыпқа түсіп, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіру, жүгіріп келе жатып, жай жүріске түсу және аяқтың ұшымен денелерін тік ұстап жүру іскерліктерін жетілдіру; биік қиғаш тақтайдың үстімен жүру және бір бағытта еңбектеу	Дене шынықтыру "Күн дидарлы Қазақстан" Мақсаты. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; бөренемен жүру және допты лақтыру, ұтып алу дағдысына үйрету; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. "Допты дәлдеп лақтыр" қимылды ойыны.	Музыка "Жаңбыр" Мақсаты. Балалардың жәй және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық ырғақты қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту мен қабылдау қабілетін дамыту; музыкалық аспапта ойнай білуге үйрету. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық мәдениетін, оқу қызметіне	Дене шынықтыру "Күндей сары дөңгелек" Мақсаты. Балаларды музыка әуенімен бірінің артынан бірі шеңбер жасап жүру, педагогтің белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен жүру және жай қалыпқа түсіп, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіру, жүгіріп келе жатып, жай жүріске түсу және аяқтың ұшымен денелерін тік ұстап жүру іскерліктерін дамыту; бөренемен жүру, допты лақтыру іскерліктерін және оқу қызметін	Математика негіздерінен ойын-жаттығу. "Жасасын Қазақстан!" Мақсаты. Балалардың "көп", "біреу", "бір-бірден", "сол қол", "оң қол" ұғымдарын ажырату дағдыларын жетілдіру; бір қасиетті негізге ала отырып, қасиеттері бөлек заттарды екі қолға бөліп ұстау арқылы оң және сол жақты ажыратуды үйрету; зейінді, ақыл-ойды, өзін-өзі бағдарлау, есте сақтау, қабылдау қабілеттерін дамыту.

	техникаларын бекіту. "Пойыз" қимылды ойыны.		қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыруды пысықтау. "Тамшылар мен жауын" дидактикалық ойын.	қайталау. "Орамалды әкел" қимылды ойыны.	Дамыту жаттығуы. "Үй салайық".
2- таңғы ас					
Серуенге дайындық					
Серуен	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдыктарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. Қайыңды бақылау. Мақсаты: жыл мезгіліне байланысты сипаттамалық ерекшеліктер мен өзгерістерді көрсете отырып, қайыңмен таныстыруды жалғастыру; ағашты табиғаттың бөлігі ретінде құрметтеуге	Балалардың шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін, балалардың жыл мезгіліне сай киінулерін қадағалау. Ауа райын бақылау. Мақсаты: табиғаттың қалай өзгергеніне назар аудару; табиғи өзгерістерді салыстыруға үйрету. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары	Балалардың шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін, балалардың жыл мезгіліне сай киінулерін қадағалау. Ауа райының жағдайын бақылау. Мақсаты: табиғи құбылыстың бірі - тұман туралы түсінік қалыптастыру; маусымдық құбылыстарды бақылауға үйрету; осы құбылыстың ерекшеліктерін	Балалардың шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін, балалардың жыл мезгіліне сай киінулерін қадағалау. Жыл құстарын бақылау. Мақсаты: жыл құстары туралы білімдерін кеңейту; суық түскен кезде құстардың тіршілігі; құстарға деген сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу.	Балалардың шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін, балалардың жыл мезгіліне сай киінулерін қадағалау. Бақшадағы күзгі жұмысты бақылау. Мақсаты: табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары

	тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (аумақты тазарту). Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеуге, қойылған мақсатқа жалпы күшпен жетуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қайыңға қарай жүгір". Мақсаты: педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді тез орындауға үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Өзенді кесіп өт". Мақсаты: бөренемен тіке және жанынан жүру жаттығулары.	(күзгі жапырақтарды жинау). Мақсаты: жұмыс істеуге деген құштарлықты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аққу-қаздар", "Ұстап ал". Мақсаты: белгі бойынша жылдам әрекет етуді үйрету; достық қатынастарды дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Мені қуып жет". Мақсаты: дұрыс бағытта жүгіруді үйрету.	байқау, қорытынды жасау. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі қоқыстарды жинау). Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеуге деген ұмтылысты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім жылдам", "Батпырауық және тауық". Мақсаты: жүгіру, көтерілу, секіру қабілеттерін жетілдіру; реакцияны дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.	Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ағаш тұқымдарын жинау). Мақсаты: балаларды тұқым жинауға ынталандыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ит пен торғай". Мақсаты: құстарға тән қимыл-қозғалыстар туралы білімдерін бекіту; құстарға еліктеп дыбыстарын салуға үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. Мақсаты: допты бір-біріне төменнен лақтыру қабілетін бекіту.	(жүйекшелерді үгінділермен толтыру) Мақсаты: жұппен жұмыс істеуге үйрету; достық қарым-қатынасты дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қай жерде жасырылғанын тап". Мақсаты: кеңістікті бағдарлау. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. Мақсаты: жүру және жүгіру техникасын жетілдіру.
--	--	--	---	---	--

			Мақсаты: қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.		
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу;				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Қайық жаттығуы; (ішпен жату, қолдар иектің астында, жоғары тартылып, еңкею, тербелу). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру; Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу. "Қазақстан туралы әңгімелесу" Мақсаты. Балаларға Қазақстан	Сурет салудан ойын-жаттығу. "Жалауша" Мақсаты. Балаларды қарындаш пен сорғышты қолданып, көгілдір түсті	"Сиқырлы қалта" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларды заттарды қолмен ұстап, санауға үйрету.	"Қолымда не бар?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: ұзын - қысқа, жуан - жіңішке , үлкен - кіші, оң - сол жайлы	Вариативтік компонент/Әлеумет "Наубайхана" ойыны Мақсаты. Балалардың наубайхана жөнінде білімдерін кеңейту;

	Республикасының Әнұраны, Елтаңбасы және Туы жөнінде, Қазақстан туралы негізгі ұғымдар беру; Қазақстан туралы қарапайым тақпақты жаттатып үйрету. "Көзінді жұмып, қолыңмен анықта" дидактикалық ойыны. Мақсаты: ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, үлкен - кіші ұғымдарын бекіту.	жалаушаны салуға үйрету; жалаудың мейрамдарда кеңінен қолданатыны жайында баяндау, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы туралы түсініктерін бекіту. Ойын рефлексиясы. "Жалаушалармен ойнайық". "Шамдар" дидактикалық ойыны. Мақсаты: қасиеттері бойынша заттарды топтастыруға, түстерді, өлшемдерді ажыратуға жаттықтыру; зейіндерін дамыту.	1-нұсқа - затты қолмен ұстап санау; 2-нұсқа - қандай зат екенін ұстап көріп, анықтау.	білімдерін бекіту; түйсіну сезімдерін дамыту.	наубайханашы мамандығының ерекшеліктерімен таныстыру; нан өнімдері туралы ұғымдарын жетілдіру; ойын ережелерін түсіндіру; Қазақстандағы нан өнімдерінің жетістіктері туралы түсінік беру. "Наубайхана" ойыны. "Қуыршақ қонаққа барады" дидактикалық ойыны. Мақсаты: ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.
Балалармен жеке жұмыс	Артикуляциялық жаттығулар.	"Туған елдің ұлымын" тақпағын	"Үйдің есігін жабайық"	"Қаладағы жыл мезгілдері"	"Күз" тақпағын жаттау.

	Мақсаты. Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту.	жаттау. Мақсаты. Бала тілін жаттықтыру. Өртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу. "Туған елдің ұлымын" (Асқаржан Сәрсекөв) Аспанымдай мөлдірмін, Жайлауымдай жазықпын, Өзенімдей өршілмін, Гүлдерімдей нәзікпін. Қуат алған өзінен, Туған елдің ұлымын. Бақытты етіп өсірген Отанымның гүлімін.	дидактикалық ойыны. Мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.	дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту; жыл мезгілдері туралы сипаттамалық әңгімелер құрастыру кезінде толық сөйлемдермен сөйлеуді дамыту; бақылау, көрнекі зейін, есте сақтау қабілетін дамыту; туған қаланың табиғатына деген қызығушылықты тәрбиелеу. Барысы: лото түріндегі ойын, бала белгілі бір маусымы бар суретті алады және сол жыл мезгілін сипаттап береді. Суреттерді таңдау кезінде педагог маусым	Мақсаты. Бала тілін жаттықтыру. Өртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу. "Күз" (Мұқатай Жылқыайдарұлы) Алма, өрікті қамбаларға Толтырды әкеп алтын күз. Шәкірт болып парталарға Отырды кеп алтын күз. Бұлт болып та Алатауға Байланыпты алтын күз. Дастарханда таба нанға Айналыпты алтын күз.
--	---	---	--	---	--

				туралы әңгіме құрастыруды ұсына отырып, тапсырманы қиындата алады.	
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтенкесін реттілікпен киюін қадағалау.				
Серуен	Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Допты қуып жет", "Күн мен жаңбыр", "Тышқан мен мысық" (мөлшері 2-3 рет). Мақсаты: бір-бірімен қақтығысып қалмай жүгіруге жаттықтыру.				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру.				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Балалардың өздері құрастырған ертегісін тыңдау. Логикалық ойындар. Еркін рөлдік ойындар.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналарға кеңес: "Үйдегі бала тәрбиесіндегі қиыншылықтар"; "Баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру керек"; "Баланы ұлтжандылыққа тәрбиелеу жолдары".				